

Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын күнделікті немесе апта сайын қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 79 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 ақпанда № 10268 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 677 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 23.12.2015 № 677 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 14-бабы 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын күнделікті немесе апта сайын қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Сұлтанов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 а қ п а н д а ғ ы
№ 7 9 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушілер сатып алатын күнделікті немесе апта сайын қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

1. Тамақ өнімдері.
2. Жанар-жағармай материалдары.
3. А-4, А-3 форматты «қағаз».
4. Жолдарды қыста ұстау жөніндегі жұмыстар.
5. Тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер.
6. Жалғыз және туыссыз қайтыс болған азаматтарды жерлеу жөніндегі қызметтер.
7. Монша-кір жуу қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтер.
8. Автокөлік қызметтері.
9. Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану жөніндегі қызметтер.
10. Әкімшілік ғимараттарды ұстау жөніндегі қызметтер:
 - 1) ғимараттың ішкі үй-жайларын және қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты тазалықта ұстау;
 - 2) ғимараттарға жапсарлас аумақты абаттандыруды және көгалдандыруды жүргізу және ғимараттардың ішіндегі жасыл екпелерді күтіп-баптау;
 - 3) ғимараттардың ішкі үй-жайларын және оған жапсарлас аумақты санитарлық өңдеу;
 - 4) оларға жапсарлас аумақтан қоқыс пен қарды шығару;
 - 5) күзетпен, дабылдаумен және ғимараттарды, өрт қауіпсіздігі және оған жапсарлас аумақты күзету жөніндегі басқа да қондырғылармен қамтамасыз ету;
 - 6) сантехникалық, электромонтаждау жұмыстары.
11. Байланыс қызметтері (оның ішінде Интернет, спутниктік, телефон, фелдъегерлік, почта байланысы).
12. Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу жөніндегі қызметтер.
13. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру жөніндегі қызметтер.
14. Серверлік бөлмелерде өрт сөндіру және ауа баптау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер.
15. Аппаратты-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер.
16. Ғимараттарды, үй-жайларды және (немесе) құрылыстарды жалдау жөніндегі қызметтер.
17. Жалға алынатын ғимараттарды, үй-жайларды және (немесе)

- құрылыстарды ұстау жөніндегі қызметтер.
18. Қызметтік және арнаулы автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметтер.
19. Ұйымдастыру техникасына шығыс материалдары мен картридждерді толтыру жөніндегі қызметтер.
20. Балаларды оқытуды, сауықтыруды, оналтуды және олардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қызметтер.
21. Медициналық шығындыларды кәдеге жарату және медициналық мақсаттағы бұйымдарды зарарсыздандыру жөніндегі қызметтер.
22. Мүгедектерге арналған санитарлық-гигиеналық құралдар.
23. Мүгедектер үшін жеке көмекшінің көрсететін әлеуметтік қызметтері.
24. Естуі бойынша мүгедектер үшін ымдау маманының қызметтері.
25. Мүгедектерді арнаулы автокөлікпен тасымалдайтын автокөлік қызметтерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер.
26. Әкімшілік-аумақтық бірлікті ұстау жөніндегі қызметтер.
- 1) сыртқы жарықтандыру қызметтері;
 - 2) декоративтік жарық түсіру қызметтері;
 - 3) көшелерді, парктерді, саябақтарды, квартал ішіндегі аумақты жинау (механикалық жинау, қолмен), сондай-ақ қоқыс пен қарды шығарып әкету;
 - 4) қазылатын шұңқырлардың қондырғысы, одан су тартып шығару және ж ө н д е у ;
 - 5) нөсер кәрізін пайдалану;
 - 6) субұрқақтарды ұстау жөніндегі жұмыстар;
 - 7) селге қарсы іс-шаралар;
 - 8) кәріздерден ағынды суларды шығару;
 - 9) қаңғыбас жануарларды аулап жинау;
 - 10)көмілген жерлерді ағымдағы ұстау.
27. Объектілерді күзету жөніндегі қызметтер.